

№22
(7864)

1 маусым,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!
Бүгін, 31 мамыр – ел тарихындағы ең азалы кезеңнің бірін еске алу күні. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы саяси қуғын-сүргін Кеңес Одағы дәуіріндегі миллиондаған азаматтың тағдырына таңба салды. Қазақстанда жүз мыңнан астам адам жазықсыз сотталып, оның төрттен бірі өлім жазасына кесілді.

Еліміздің аумағында он бір еңбекпен түзеу лагері болды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қасірет мекені ҚАРЛАГ пен АЛЖИР-де тоталитарлық жүйенің шексіз қатігездігін үнемі еске салып тұратын тарихи мемориалды кешендер ашылды.

Зұлмат заманда тұтас халықтар қудалауға түсті. Туған жерінен зорлықпен көшірілген бес миллионға жуық адам қасиетті қазақ жерінен пана тапты. Қазақстан олардың құтты мекеніне айналды.

Ұлтымыз алапат аштықтың зардабын тартып, орны толмас шығынға ұшырады. Шектен шыққан ұжымдастыру науқаны Ұлы даланы бұрын-соңды болмаған ауқымды гуманитарлық апатқа ұрындырды.

Халқымыз небір зобаланды көрседі рухын аласартқан жоқ. Бірлігін бекемдеп, ынтымағын арттыра түсті.

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін біз арыстарымызды ақтауға кірістік. Кезінде жазықсыз жазаланған мыңдаған азаматтың есімін ел жадында жаңғырттық.

Былыр қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи өділдікті қалпына келтіруге тиіс. Бұл – мемлекеттің ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның парызы.

Төл шежіреміздегі қайғылы кезеңдерді ұлттық бірегейлігімізден бөле-жара қарау мүмкін емес. Сондықтан, біз саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етіп, есімдерін мәңгі есте сақтаймыз.

Тарихтан тағлым алып, мұндай тауқымет ешқашан қайталанбауы үшін бәрін жасайтын боламыз.

2021 жылғы 31 мамыр

akorda.kz

БАҒУСЫЗ МАЛДЫҢ БЕЙНЕТІ КӨП!

Қазір елімізде аграрлық салаға сұраныс артты. Сондықтан да Үкімет ауылшаруашылығын дамытуға ерекше ден қойып отыр. Осы орайда, мал басын көбейтіп, өз кәсіптерін дөңгелетіп отырған шаруалар да аз емес. Дегенмен, мал басын көбейтуден бөлек, оның тиісті күтімін жасауды қаперден шығармау керек. Кейбір шаруашылықтар мен жеке тұлғалар бұл мәселеге немқұрайлы қарауда. Малды құту талаптарына баса мән бермейді.

Себебі, қазіргі таңда малды бағусыз, қараусыз өріске жіберу фактілері көптеп кездесуде. Бұл өз кезегінде, мал ұрлығының орын алуына өкел соғады. Бағусыз жайылымда жүрген жерінен малының жоғалып кетуі дерегі орын алған жағдайда, мал иесі бірінші кезекте өзінің кінесін сезінбейді. Малының нақты қашан жоғалғанын білмей, бастақыда өз күшімен іздеп, уақыт өткеннен кейін ғана құқық қорғау органдарына шағымданады. Ал, мал ұрлығын ізін суытпай ашуға, кей жағдайларда иелерінің бірнеше

күн көлемінде өздері іздестіріп, уақыт өткізіп барып полиция қызметкерлеріне хабарлауы да кедергі келтірсе керек.

Сонымен қатар, мал ұрлығымен күресте малды есепке алу, сәйкестендіру үлкен роль атқарады. Сондай-ақ, бағусыз жүрген малдар түнгі уақытта жол бойына шығып, жол-көлік оқиғаларының орын алуына септігін тигізеді.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ағымдағы жылдың өткен кезеңінде аудан бойынша малды иесіз жіберу дерегі бойынша 65 өкімшілік іс қозғалып, оның ішінде 46 тұлғаға ескерту берілсе, 19 тұлға айыппұл түріндегі өкімшілік жазаға тартылған.

Сондықтан, малды қараусыз жібермей, бақташыларға қосаға, уақытты ең-таңбаларын салдыртып, мал ұрлығының алдын-алуда немқұрайлық танытпайық.

Н.ЕРМЕКБАЕВ,
Ойыл ауданы
прокуратурасының
аға прокуроры.

КҮТІЛМЕГЕН МАЛ КҮТПЕГЕН ЖЕРДЕН ШЫҒАДЫ

«Жол жаман болса, атаң да сүрінеді, атаң да сүрінеді», - дейді дана халқымыз. Бірақ бүгінгі күнде еліміз Тәуелсіздік алғалы жаһанданып даму үстінде. Бұрынғыдай емес жол ауырталпығы жеңілдеп, айшылық жолдарды зулаған темір тұлпарың барда тез еңсеріп өтуге болады. Алайда, жол түзелгенімен жол көлік оқиғалары көптеп орын алуда. Оның басты себебі - жол бойында жүрген мал көп. Көбіне көшқұрым, түнгі мезгілдерде жүргізушілердің жол апатына ұшырауына өкел соғуда. Мұндай жағдайлар соңғы кездері Ойыл-Қобда тас жолы бойында жиі орын алып отыр. Ойыл мен Сарапжын ауылдық округінің арасындағы 54 шақырым қашықтықта қараусыз, бос жүрген жылқы малы жолаушылардың өп-сәтте ажал құшуына өкел соғып жатқаны ашы да болса шындық. Қараусыз жүрген Қамбар ата төлінің жүргізушілерге кедергі келтіру

себебі жайлаулар мен малшы ауылдар жол бойына жақын маңда орналасқан. Жол бойында жүретін жылқы ғана емес. Бұрынырақта талай сиыр соққандарды да көрдік. Шынтауытына келсек, мал күтіліп, бағылмайды. Сонда адам өміріне кім келіп? Қараңғы да босып жүрген малдардың салдарынан болатын көлік жол апатының алдын қалай аламыз? Бос жүрген мал иесіне айыппұл да жоқ. Көлік соғылып, адам қаза болғаннан кейін қайғының орнын қалай толтырамыз? Мал иесі мұндай сәтте темірдің шығынын өтеп беруден жалтармайтынын біз жақсы білеміз. Ал, адамның орнын толтыра алмайды ешкім.

Міне осындай көптің көкейінде жүрген көкейтесті мәселе өткен аптада Ойыл селолық округі өкімдігі жанындағы қоғамдастық отырысында талқыға түсті. Жол көлік оқиғасының алдын-алу үшін жылқыларға жарыққа

шағылысатын ленталар тағу керектігі айтылды. Ойыл селолық округінің өкімі Сәндібек Тоқсанбайұлы қоғамдастық құрамындағы ақсақалдардың ой-пікірін тыңдай келе жол бойындағы жылқыларға жарық шашатын лента тағу керек деген байламға келді. Өйткені мал иелеріне малды бақтыру мүмкін еместігінде жасырмады. Қоғамдық кеңеске арнайы қатысқан аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметінің бастығы Азамат Көкебаев мал бағусыз болса, тәуліктің кез-келген уақытында малды соғып жол көлік оқиғалары болған жағдайда мал иесі көлікке келтірілген шығынды өтейтіндігін жеткізді. Алайда бұл жол көлік оқиғасының алдын алуға арқау болмайды. Күтілмеген мал күтпеген жерден шығады. Демек, «Жүрместен бұрын жолдың байқа» деген бекерге айтылмаса керек.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

КӘСІПОДАҚТАН 30 ЖОЛДАМА

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ, ҰСТАЗДАРДЫ ҰЛЫҚТАУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР. ОЙЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА ОРАЙ МҰҒАЛІМДЕРДІ МАРАПАТТАДЫ.



Жыл бойы жұмыста озып, үздік нәтижелерге қол жеткізген педагогтарға алғыс хат табыстап, құрметке бөленіп, шипажайға жолдама табыстады. Арасында еңбек өтілі 40 жылдан асқан тәжірибелі, ұлағатты ұстаздар да, жанып тұрған жастар да бар. «Биылғы оқу жылы ұстаздар қауымы-

на өте қиын жыл болды, сондықтан келесі оқу жылына демалып, ем алып жаңа күш жинап келулеріңізге тілек-теспіз!», - деді марапаттау сәтінде аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы Г.Избагамбетова.

«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» ҰЛТТЫҚ КОНКУРСЫ

15 мамырдан бастап «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының іріктеу кезеңі басталды. Отбасы құндылығын насихаттау, мәртебесін көтеру мақсатында жыл сайын республика көлемінде ұлттық конкурс өткізіліп келеді. Ағымдағы жылдың 15 мамыр – 15 маусым аралығында Ақтөбе қаласы мен барлық аудандарда «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға өтініштер қабылданады. Өтінімдер қалалық, аудандық комиссия отырыстарында қаралып, жеңімпаз анықталады. Осыған орай, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысуға шақырамыз. Құжаттарды тапсыру және қосымша ақпараттарды алу туралы қалалық және аудандық өкімдіктерден біле аласыздар.

НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНКУРС «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»

С 15 мая стартовал отборочный этап национального конкурса «Мерейлі отбасы». В целях пропаганды семейных ценностей, повышения статуса семьи по республике ежегодно проводится национальный конкурс. С 15 мая по 15 июня текущего года во всех районах и в городе Ақтөбе принимаются заявки на участие в национальном конкурсе. Заявки будут рассматриваться на заседаниях городской, районной комиссии и определяются победители. В этой связи приглашаем принять участие в национальном конкурсе «Мерейлі отбасы». О предоставлении необходимых документов и получении дополнительной информации можете узнать в городских и районных акиматах.

ЖҮТ-ЖЕНДЕТ

Here аз болдық, қазағымның баласы? Нәубет көріп, тиді жендет қаласы. Нағыз сойқан көрді талай ұлтымыз, Нала көрді, жала көрді даласы. Өткен өтті, кеткен кетті деменіз, Өртке түсті, дертке түсті денеміз. Өлмеу үшін күресумен келесі, Өрге жүзіп мақсат атты кемеміз. Батыр болдық, батыл болдық

Бейқам болдық сұмдар ойын жайғанда. Бейкүнә жұрт екенбіз ғой ақ жүрек, Бауыр басқан келгендерді

Тарихты талдап-талдап қарасақ, Ту ұстаппыз, туыстаппыз, Тамаша-ақ. Тіресіппіз, күресіппіз сан ғасыр, Талып жетті содан бізге болашақ. Ақ та шапты, қызыл салды

қырғынды, Арман-үміт қыл тұзақтан қылғанды. Азаттықты ғұмыр бойы аңсаумен, Алдық ақыр азат болған бұл күнді. Даму үшін алғы күнге ұмтылып, Дәуірлер керек түсінетін жұрт ұғып. Дәуірлердің дептеріне көз салсақ, Деректердің көбі қалған жыртылып.

Өткен ОРАЛБАЙҰЛЫ.

ЖАЗҒЫ БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ТЕРІС ПТР-ТЕСТІ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА РҰҚСАТ ЕТІЛЕДІ - ҚР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

Жазғы сауықтыру лагерьлеріне кіруге дейін 72 сағат бұрын жүргізілген COVID-19 зертханалық зерттеудің теріс нәтижесі болған жағдайда балаларға рұқсат етіледі, деп хабарлады бүгін ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің сарапшылары ОКҚ брифингінде.

«Әрбір балаға келу кезінде денсаулық жағдайы туралы құжаттар (079)у нысаны, сауықтыру лагеріне баратын оқушыға арналған медициналық анықтама), жұқпалы аурулармен, оның ішінде COVID-19 бойынша байланысты жоқтығы туралы анықтамалар, келгенге дейін 72 сағат бұрын жүргізілген COVID-19 зертханалық зерттеудің теріс нәтижесі бар құжат болуы тиіс», - деп түсіндірді ҚР ДСМ Санитарлық-эпидемиологиялық



Қазақ тарихындағы қаралы жылдардың бірі өткен ғасырдың отызыншы жылдары халық жауларын анықтау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілген. Сол кездердегі қатігез саясат нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшыраған дардың өздері ғана емес, олардың жақындары да жапа шекті. Осы кезең аралығында елімізде 109 мың адам қуғын-сүргінге ұшырап, 25 мың адам ату жазасына кесілген.

Сол бір зобалаң жылдары біздің өңірден 316 адам ату, айдау жазаларына кесілген.

31 мамыр елімізде саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні.

Бұл күн тарих бетінде қаскөй сая-

саттың қанқұйлы қасап-қыспағынан қапыда мерт болған алаш ұлдарын көкіректі қарс айырып, бір сәт күрсінетін күн болып мәңгі есте сақталады. Тарих бетіне өшпес таңба болып түскен ақтаңдақтар ақиқатын бүгінгі буын жадынан шығармай бабалар рухына тағзым ету басты парыз.

Осы орайда кеше аудан өкімі Асқар Қайырғалиұлы бастаған ауданның бірқатар ардагерлері саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойды. Корона-вирус пандемиясына байланысты саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу шарасы өткізілмеді.

Өз тілшіміз.

«МУЗЕЙДЕГІ ҚОС ҚУАНЫШ»

ЖУЫРДА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНЕ ЕКІ АҚЖОЛТАН ХАБАР ЖЕТТІ. БІРІ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКІЗІЛГЕН МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР САЛАСЫ ҰЙЫМДАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ «РУХАНИ ҚАЗЫНА- 2021» ОНЛАЙН ФЕСТИВАЛІНЕ ҚАТЫСҚАН Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҒЫЛЫМИ АУДАНЫДЫҚ ДУЛАТ ИСАБАЕВ «ҮЗДІК АУДАНЫДЫҚ (ҚАЛАЛЫҚ) МАҢЫЗЫ БАР МЕМЛЕКЕТТІК МУЗЕЙ ҚЫЗМЕТКЕРІ» НОМИНАЦИЯСЫ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕЗЕҢГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ.



Республика бойынша фестивалге музей мекемелері мен қызметкерлерінің 60 шақты портфолиоcы дайындалып ұсынылған еді. Үміткерлердің жұмыстары арнаулы өлеуметтік желіде тікелей эфирде арнайы комиссия отырысында талқыланды. Музей саласындағы мол тәжірибесінің арқасында республикадағы ірі музейлердің қызметкерлерімен тең келіп, ауданымыздағы Шығанақ Берсиев музейінің атын танытуға бірқатар еңбектенген Дулат Бітімбайұлының еңбегі жоғары бағаланды. Осы фестивал аясында музей ісінің ғылыми тұрғыда баяндалуы, насихатталуы, ауданның мәдениет деңгейі музей арқылы көрініп, музейде жинақталатын құндылықтарды, музей қорындағы жөдігерлердің сақталуы мен қайта қалпына келтіру жұмыстарының, музей қорының цифрландырылу

істеріне белсенділікпен, аса құптылықпен атқарған еңбегі де еленді.

Нәтижесінде Мәдениет және өнер саласы ұйымдары мен қызметкерлерінің «Рухани қазына» облыстық фестивалында Дулат Исабаев Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Алтынай Юнисованың қолынан «Үздік аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік музей қызметкері» номинациясы бойынша диплом және елу мың теңгенің сертификатын алса, мәдениет және өнер қызметкерлерінің төл мерекесіне орай, осыф музейдің қызметкерлерінің «Қызыл» аймақтағы лагерьлерде 30% толғанда жұмыс істейді. И. Басманова Комитет сайтында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының Балаларды сауықтыру ұйымдарының тізімі орналастырылғанын еске салды. Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 24 Қаулысымен меншік нысанына қарамастан балаларды сауықтыру лагерьлері (мектеп жанындағы, қала сыртындағы) қызметінің шектеу ісшараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіне арналған алгоритмі бекітілді.

31 МАМЫР САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАҢДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ. ҚЫМ-ҚҰЫТ ДӘУІРДЕГІ УСТАНҒАН БАСТЫ МАҚСАТЫ – КЕРЕГЕМІЗ АҒАШ. ҰРАНЫМЫЗ «АЛАШ» - ДЕП ЕДІ! МЕН АЛТАҰДЫҢ АРАСЫН ЕН ЖАЙЛАҒАН ҚАЛЫҢ ЖҰРТТЫҢ ОСЫ БІР АЛМАҒАҰЫП КЕЗЕНДЕ ҚҰШТІНІҢ ТАБАНЫНА ТАПТАЛЫП ТОРҒАҰ ТОЗ БОЛЫП КЕТПЕУІН ҚАДАҒАЛАУ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ІС-ӘРЕКЕТ ЖАСАУ БОЛҒАНЫ БЕЛГІЛІ. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ІС-ӘРЕКЕТІ СЕМЕУ МЕН ОРАЛ ӨКЕЛЕРІНДЕ БАРЫНША КӨРІНІС ТАПҚАНЫ БЕЛГІЛІ. СОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДУЛЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫ АҰРЫҚША КӨРНЕКТІ. БІЗ МАҚАЛАДА АЛАШ АРЫСЫНЫҢ ӨМІР ЖОЛЫНА ШОЛУ ЖАСАУДЫ ЖӨН КӨРДІК.

ЖАҒАНША ДОСМҰХАМЕДОВ



Большевиктік биліктің «жауыздық низамындағы» атышулы 58-ші баптың құрсауын басқалар білмесе де, тап Жағанша Досмұхамедовтің түйсінбеуі мүмкін емес-ті. Алайда жазадан сескеніп, тайқып шығуды мақсат тұтпады. Өйткені ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың: «Ақсақал аға, азамат іні... бірік... Алаштың басын қорғауға кірісі!» - деп ұран тастауымен, «тірі болсақ бір төбеде, өлсек – бір шұңқырда болармыз» деп уағдаласқан алашордашылардың серті серт еді.

Жағанша Досмұхамедовтың ауызға ілігіп, көзге түсуі 1917 жылы мамырдың басқы күндері Мәскеуде өткен Бірінші Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің қарсаңы. Сол жылы сәуірдің 19-22 жұлдызында Орал қазақтарының құрылтайы шақырылады. Сегіз жүз делегат қатысқан бұл құрылтайды Орал облыстық Қазақ атқару комитетінің мүшесі Жағанша Досмұхамедов басқарады. Осы жында ақпан төңкерісінен кейін өрі-сөрі қүй көшкен жұртың бұдан былайғы басқарылуы, Уақытша үкіметке және жүріп жатқан соғысқа деген көзқарастың айқындалуы жайындағы келепі мәселелер қаралады. Жағанша Досмұхамедовтың алдағы мұсылмандар съезіне Орал тобын бастап баруға жолдама алуы да, осы құрылтайдың түйні болатын.

Заңдық баптарға және самодержавиелік Ресейдің ішкі заңдылықтары мен қозғалыстарына жете көз жіберген және соны бейімдей білген Жағанша Досмұхамедов, өзінің үлкен заңгерлік, саяси қайраткерлігін Ресей Мұсылмандарының съезінде ерекше көрсеткен екен.

Кеңес Асадулаевтің үйінде өткен атаулы съезде Жағанша Досмұха-

Әлімхан Ермеков, Мұхамеджан Тынышбаев сынды әрқайсысы бір төбе қазақ оқыған зиялыларының ұлт мүддесі жолында бас біріктірерлік саяси һәм рухани келбетінің қабындап тұрған шағы еді. Ал арпалысқа толы болмақ ендігі өмірдің қамына шын кіріскен Жағаншаның, Патшалық Ресейдің қырына ілігуі бұдан сөл ертерек, 1911 жылдар шамасы болатын. Бұдан соң Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Қазан мен ақпан төңкерістері жүрілді.

Там-тұмдап қана мақаламыздың мазмұнынан хабардар еттік. Енді Жағаншадай күрескердің асқақ басталып, трагедиямен аяқталған саналы ғұмырын басынан тартып баяндап шықсақ дейміз.

ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ ТҰСЫНДА

Хош. Жағанша Досмұхамедұлы 1887 жылы 27 маусымда Орал облысы, Жымпиты болысының №3 ауылында, ауқатты шаруа отбасында дүниеге келген. Болыстық қазақ мектебінен сауат ашқан Ол 1899-1905 жылдары Орал қаласындағы реальдық әскери училищеде оқиды. Осыдан кейін бір жыл өзірлік курста оқыған Жағанша Досмұхамедовке Ресейдің жоғарғы оқу орнында білім алу үшін Орал облыстық губерния басшысының арнайы шөкіртақысы тағайындалған.

Атарлған өзірлік курсын ойдағыдай аяқтаған соң, 1906 жылдың 22-ші тамызында Жағанша Досмұхамедұлы өз қолымен Император атындағы Мәскеу университетінің ректорына, сондағы заңгерлік факультетте оқығысы келетінін айтып өтініш жазған еді. Далалық өңірдің талапты шөкіртінің бұл өтініші көп кешікпей қабыл алынады.

заңгерлердің идеясын бойына сіңіреді.

Жағанша Досмұхамедұлы заңгерліктің бір шарты – шешендік, шебер сөйлеу деп білген. Бұл оның табиғи қабілеті, сөз сөйлеу мәнерінде туадан бар еді. Заманында Сәкен Сейфуллиннен: *«Міржақып – жазу сөздің шебері, Жаңша – ауызша сөздің шебері»*, - дейтін бағалау лебіз қалыпты.

масын деп әдейі түбірімен жауып тастағаны белгілі болды», - деп ой түйеді.

Әйгілі мақаладан соң айылын жиған өлкелік Губернатордың бұйрығымен, Жағанша Досмұхамедовке Орал облыстық басқармасында жұмыс істеуге тыйым салынады. Бірақ ол заңгерлік қызметтен қол үзбеді. Алдымен Орал округтік сотының көмекшісі, қылмыстық істер бөлімі

хатшысының көмекшісі, бітімші сот, 1912-13 жылдары Омбы сот палатасына қарасты Барнауыл, Змейногорск уездерінде бітістіруші сот, Барнауыл уезінің көмекші прокуроры қызметтерін атқарады. 1914 жылы Том округтік сотының Каин уезі бойынша прокурордың орынбасарлығына тағайындалады.

Ал 1915 жылы Томск губернияның нұсқауымен «Памятная книга Томская губернии» деген кітап шығады. Губерния қайраткерлерінің есім-сойы тізімделген сол кітапқа



Жағанша Досмұхамедовтың де аты есімі енген. Өйткені, Каин уезінде прокурордың орынбасары қызметін атқара жүріп саяси жер аудару мәселесін қадағалған білікті заңгер, еңбеккер маман, халықшыл тұлға Жағанша небары 27 жасында «өділет генералы» атағын алған еді. Айтпақшы, 1915 жылы Гурьевте (қазіргі Атырау) өткен бір аты шулы сот процесінде адвокат болған Бақытжан Қаратаев мемлекеттік айыптаушы ретінде Томскіден заңгер Ж Досмұхамедовты шақыртқан деген дерек бар. Осы арада хронологиялық тұрғыда сөл алға оза сөйлесек. *«Жағанша Досмұхамедов заңгер, шешендік қабілеті өте мықты, көзқарасы жағынан түсініксіздеу (яғни, не алашты, не қызылды, не империялық жаңа державаны қолдамады деген мағынада), ақкөңіл, ерік-жігері өлсіздеу, орыс тақылеттілігін ителігенетт. Саяси жағынан толысқан саналы адам»*. Бұл қызылдардың тарапынан өзінің дұшпанына берген мінездеме.

АҚПАҢ ТӨҢКЕРІСІНЕН КЕҮІН

1917 жылғы ақпан төңкерісі бодандықтың қамытын киіп, қазақ даласына саяси сілкініс өкелді. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бастатқан қазақ зиялыларының ұйытқы болуымен Торғай, Орал, Семей, Ақмола облыстарында съездер өтіп, қазақтың ендігі жерде өз алдына дербес ел болу қамы қызу талқыланып жатты. 1917-1918 жылдары бүткіл қазақ жерінде ұзын-ыргасы 68 құрылтай шақырылғаны соның айғағы. 1917 жылы шілде-тамыз айларының өліарасында «Алаш» партиясы құрылады.

Сол асығыс және үлкен төуекелмен құрылған «Алаш» партиясының және Алашорда үкіметінің негізгі жобалық бағдарламасын хатқа түсірген адам – Жағанша Досмұхамедов болатын.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда Екінші жалпықазақ съезі өтеді. Сонда Алашорда үкіметін құру мәселесі сөз болады. Үкімет мүшелері қатарында Халел мен Жағанша Досмұхамедовтар да бар еді. Съезде Жағанша Досмұхамедұлы: *«Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру. Қазақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады. Осыған байланысты қалай болғанда да біз Ресейден автономия алуға тиістіміз...»* - деп баяндама жасайды.

Мың тоғыз жүз он жетінші жылғы 5-13 желтоқсан күндері өткен Екінші жалпықазақ съезінде ұлт кеңесін құру, ұлттық милиция жасақтау мәселелері де сөз болады. Алайда Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов болып, бұл мәселені өзірше қоза тұрға кеңес берген. Сөйтіп қазақ автономиясын құру мерзімі бір айға шегеріледі. Ал Жағанша мен Халел Досмұхамедовтер елге жетісімен, 1918 жылы ақпанда Қаратөбеде Орал қазақтарының Үшінші съезін шақырады. Мақсат – «Ойыл» уәләятін құру болатын.

Қаратөбедегі съезде Орал революцияның атынан екі жанысы жіберілген екен. Олардың мақсаты – қурылайын деп жатқан мемлекеттік құрылымға кедергі келтіру, қайткенде де делегаттар арасына жік салып, қолға алған істі бағыт-бағдарынан тайдыру

болатын.

1918 жылы 21 наурыз күні «Алашорда» үкіметі Кеңес үкіметі жанындағы қазақ-қырғыз істері туралы комитеттегі қазақ жұртының елшісі етіп Жағанша Досмұхамедовты тағайындайды. Ал сәуір айының басында большевик көсемдері Ленин, Сталинмен келісім жүргізу үшін Жағанша мен Халел Мәскеуге жүреді. Артында «большевик көсемдерін қазақтың өз ішінде жаряланған «Алаш» автономиясын мойындауға келістіргендерін айтып» Мәскеуден Алаш қаласы Семейге жеделхат жолдайды.

Сол жолы Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссары И.В. Сталинмен болған арадағы және бір сөз – қазақ өлкесінің әлеуметтік ахуалы орайында өрбіген. Сталин бұл мәселені Азық-түлік Комисариаты жанындағы Коллегия межілісінің қарауына жүктейді. Нәтижесінде қазақ халқының аз да болса мұқтажын өтеу үшін Досмұхамедовтер алып қайтқан қомақты қаржы, кеңестік идеологияға құлша берілген қайсы бір қазақ тарихшылары жазғандай «жалынып жүріп сұрап алған» пұл емес еді.

Жағанша Досмұхамедов сол жолы автономия жариялап, әскер жасақтау



үшін елдегі меқырық миллиондай ақша сұраған. Бірақ қырық миллион емес, он екі миллион сом берілген деседі. Және бір жана ма деректерде келіп ретінде Атырау облысындағы «Досор» мұнай кешені келілге қойылғаны айтылады...

Тарихта екіжүзділігімен аты мәлім пролетариат көсемі В.И. Ленин: *«Алашорда» үкіметіне еш қолдау болмасын, бірақ уақытша олардың басшыларын (оқығандарын) Кеңес өкіметінің қызметіне кеңірек пайдалану керек. Жас Кеңес өкіметіне олардың білімдері қажет. Ал қалғанын кейін көрерміз. Бірақ оларға мүлде сенуге болмайды...»* - деп астыртын жарлық шығарған. Жағанша мен Халел Досмұхамедовтар осынау астыртын жарлықтың алғашқы ащы дәмін Мәскеуден елге жеткенше бір емес екі рет татып үлгереді. Әуелі Кеңес билігінің дұшпандары деп Саратов қаласында Совдеп басшысы тұтқындаған. Соның кесірінен «совет үкіметін мойындап, келіссөз жүргізіп, олардан ақша алып, солардың жағына шыққан сатқындар» деген жаламен «Тасқала» деген станцияда Орал қазақтарына және ұстадалы.

1918 жылы мамырдың 18-і мен 21-і аралығында Жымпитыда Орал қазақтарының 4-ші съезі шақырылған болатын. Съезде жиырма шақты мәселе қаралып, түйнінде – Жымпитының дәл өзінде «Ойыл уәләяті» Уақытша үкіметі құрылады. Төрағасы Жағанша Досмұхамедов болып, штаб пөтері көпес Таракновтың үйі деп бекітіледі.

«Ойыл» уәләятының іс тындыру функциясын тастай еді. Әуелі, сот ісін басқару жүйесі қалпына келтірілді. Содан соң, жеке адамдардың қолында кеткен жер телімдерін қайтарып алу ісі қолға алынды. Сауда-саттық жоғалып, кредиттік банк ашылды. Бастауыш білім беру жүйесі ұйымдастырылып, уәләяттың төл газетін шығаруға ден қойылды. Содан кейінгі және бір басты мәселе – ұлттық милиция жасақтау жайы болатын. Сол үшін Жымпитыда алты айлық юнкерлер курсы ашылады. Себебі қазақ жігіттерін әскери өнерге баулу керек. Және алдымен әскерге шақырылатын азаматтардың жас ерекшелігі ескеріліп, екіншіден, бір үйден бір ғана ер азаматты алуға шешім қабылданады. Үшіншіден, әскерге шақырылған адам өзінің атымен, қару-жарағымен, бір киер киіімен келуі керек болды...

Ақ пен қызыл қос бұйырдың қысқан қысылтаяң сәтте ойылдықтар мынадай да қулыққа барыпты. 1918 жылы адмирал Колчакқа делегация жіберіп, Күнбатыс Алаш орданын құрметті азаматы деген атақ береді. Ақысына Орынбор қазақ-орыстарынан екі автомобиль, қару-жарақ алды.

1918 жылы 11 қыркүйек күні Уфада Әлихан Бөкейхановтың тізгіншілігімен «Алашорда» қайраткерлері төтенше жағдайда бас қосады. Сөйтіп әскердің жайы мен байланыстың нашарлығын ескеріп, «Ойыл» уәләяттың орнына «Алашорданың» батыс бөлімшесін құрады. Басшылығы өрі ескері жетекшілігі Жағаншаға жүктелген.

Әуел баста «Ойыл» уәләяті болып дүниеге келген «Алашорданың» батыс бөлімшесі 19 ай 3 күн өмір сүріп, 1920 жылы 5 наурызда таратылады.

Батыс Алашордашылардың бұдан кейінгі тағдырын Орта Азиядағы қызыл армияның бас командирі Фрунзенің: *«Олардың қазақ даласында болуы кеңестік құрылысқа қауіпті... Сондықтан да қазақ еңбекші бұқарасынан оқшаулан-дырылсын»*, - деген бір ауыз сөзі шешкен. Сөйтіп «Қазақ өлкесінде кеңес өкіметі барынша орныққанша «Батыс Алашорда» ұлттық үкіметінің жауапты жетекшілері: Жағанша, Халел Досмұхамедовтер, Иса Қашқынбаев, Кәрім Жәленов және Беркінғали Аттыбаевтарды Мәскеуге немесе орталық губерниялық қалаларға жіберу...» туралы Қазақ өлкесін басқару жөніндегі Әскери-революциялық кеңес қаулы етеді.

Бұдан соң Жағанша Досмұхамедов 1921 жылы Мәскеуден Ташкентке ауысып, сонда 1927 жылға дейін Түркістан Республикасы Орталық атқару комитетінің қазақ бөлімінің хатшысы, халық шаруашылығы кеңесінің жанындағы жүн-жұрқа бөлімшесінің бастығы міндеттерін атқарған.

1924 жылы Түркістан өділет халық комиссариатының өтінішімен Жағанша Досмұхамедов Ресей федерациясының қылмыстық кодексін тұңғыш



рет қазақ тіліне аударады. Ол сол жылы Ташкентте Түркістан Республикасының арнайы комиссиясы баспасынан «Ресей федерациясының жауыздық низамы» деген атаумен жарық көреді.

Алғашында 1000 данамен басылған атаулы низамға, 1926 жылы тағы да сол Жағаншаның басшылығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, «РСФСР қылмыстық заңы» деп екінші рет жарық көреді. Сөйтіп бұл заң 1952 жылға дейін қолданыста болыпты.

КЕҢЕСТІК ЖАЗЫҚСЫЗ ЖЕЗАЛАУ ҚҰРАНЫ

Кеңес Одағын құрып, аз жыл басқарған Лениннен кейін Ресей билігін қолына алған Сталин, орайлы келген сәтінде-ақ төуелсіздік күресіне лап қоюдан тайынбайтұғын, және кез келген текетірісте дес бермейтін саяси-интелектуалдық күш қарымымен талай мәрте тастырған Алаш зиялыларынан біржолға құтылуының қамына кіреді. Тек бұл жолы күрестің басқа бір түрін таңдапты. Бұл туралы: *«Сталин қазақтың жауапты қызметкерлерін бір-біріне қарсы қойып, қидаластыру арқылы бұл халықты зиялылардан айырды»*, - деп бір замандары Лев Троцкийдің өзі мойындаған болатын.

Жағанша Досмұхамедұлын қолға алу ерте басталды. Жағанша Досмұхамедұлы 1930 жылы 31 қазан күні Мәскеуде тұтқындалып, Алматыға жеткізіледі. Екі жыл тереуге жатып, 1932 жылы 20 сәуірде «Қазақ ұлт-шылдарының астыртын ұйымына қатысты. Кеңес үкіметіне қарсы әрекеттері толық дәлелденді» деген айыппен 5 жылға Воронежге жер аударылады.

Жағанша Досмұхамедұлы мұнда келгенде денсаулық жағдайын ауырлатып алады. Түрмеде жүріп 1933 жылы екле туберкулезінің ашық түрін жұқтырады. Отыз төртінші жылы 28 наурызда КСРО-ның ОГПУ коллегиясына жолдаған өтінішінде: *«... Сондай-ақ бүкіл дөнемді дұрылататын жүйке қышымасына да ұшырадым. Аурудың себебі – ауыр жұмыс, ауа райының жақпауы, турмыстық нашар жағдай»*, - деп жазған. Ал 1938 жылы 1-ші маусымда жыл бұрын алған инсульт салдарынан жарты денесінен жан көткен, тіпсіз күйінде Мәскеуде тұтқындалады. Ауруы меңдеткен адамды да аямайтын қызыл террор жазалауға өзін еді. Сөйтіп РСФСР Қылмыстық кодексінің аты шулы 58-бабы бойынша Жағанша Досмұхамедұлы «ұлтшыл, контрреволюциялық ұйымның басшысы, кеңес өкіметіне қарсы бүлік ұйымдастырмақ болған» деген айыппен ату жазасына кесіліп, үкім сол жылы 3-ші тамыз күні орындалыпты.

«Алашым, қалың жұртым, қазағым» - деп арпалысқан айтулы азамат Халел Досмұхамедұлының ғұмырын кеңестер билігінің жазалау саясаты осылай қиды. Өзі өлгенімен, өлінің жүрегінде есімі, атқарған ұшан-теңіз ісі қалды. Жағанша Досмұхамедұлы және басқа да жазықсыз құрбан болған мың-мыңдаған зиялылардың өр рухы, мемлекетшілдік санасы бүгінгі қазақтың бойынан көптеп табыла берсе үмі еді.

Асылбек БАЙТАНҰЛЫ adebiportal.kz

Тәуелсіздік алған жылдардан бастап қазақ халқының қемографиялық мәніметтерді білуге қезек қызығушылығы артып, қазақ қлты өз жерінде қалай азышылыққа чықсады қезен сауапаңар әркімді ө ойланқыраы сөзсіз. Әдіресе 20-30 жылдарынқағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасіретмі ептілерін айғақтапды.

Зерттеуші ғалымдар осы мәселемен айналысып, Қазақстанда қазақ халқы бір ғасырға қш бірқеу ашаршылықты бастан кешкен және оны қш кезеңге бөліп қарастырады:—1919 — 1922 жылдарқағы аштық (1,5 млн адам) —1931 — 1933 жылдарқағы аштық (2,5 млн адам) —1946 жылдары болған аштық. Әлемдік тарих мұндай кең ауқымды ашаршылықты білген емес. Сондықтан осы қасіретті әрбір қазақ білуге міндетті және естме сақтап, қымтпауымыз тиіс. Ұлт зиялысы М. Тынышбаевтың есебі бойынша «Қазақстанда 1917 жылы 2 910 000 қазақ өмір сүрген болса, ал М.Г. Сируштың 1924 жылғы жүргізген санағы бойынша қазақтар саны 1965 443 әрең жетіп жығылған» — қезең мәліметтер көрсетілген. Ал белгілі қемограф-ғалым М. Тәтімовтің есептеуіне «1931-1933 жыл. ашаршылық Қазақстанда өмір сүрген 2,5 млн адамның, соның ішінде 2,3 млн қазақтардың және 200 мың келіссектердің қайтыс болғаны анықталды. Отырықшы келіссектер арасында аштықтан өлгендер 10%-ға жетпесе, қазақтар арасында еұл көрсеткіш 52—53%-мен асып кеткен» Осыдан 17-18% жергілікті тұрғындардың Қазақстаннан біржолға көшіп кеткен»—қезең мәліметтерді есепке алсақ, қазақ халқының саны өз жерінде осы кезеңде 70% дейін кемігені көрінеді. Бұл қеректер осыған дейін жарияпаған мәліметтердің орташа есебімен сәйкес келеді. Тағы бір есептеілген ағамыз М. Тәтімов: «1879, 1926, 1939 жылдарқағы халық санағының нәтижелері жөніндегі мәліметтерді қолға түсіріргеніміз Көзімің жеткені — 1939 жылғы санақта қазақ халқының саны айтарлықпай асырып жазғанқызығы аңғардым. Сонда, өзгөрі саясат «орыс емес» ұлттардың аяусыз жапын-жойғанқызығы жасырып қалғысы келген»,— деп пайымдаған болатын 1879 жылғы санақта қазақтар 5 млн болса, арада 42 жыл өткен соң 1939 жылғы санақта қазақтар 2 млн 300 мың болды. Яғни екі есе азайды. Осыған қарап отырып, 42 жылда қазақтар азамат соғысы, баппарқы көмпескелеу, жаппай колхоздастыру, 1932-33 жылдарқағы аштық, 1937-38 жылдарқағы репрессия салдарынан миллиондаған адамдарынан айрылған деуге әбден болады. Осы екі санақ арасында орыстар — 30, өзбектер — 24, қырғыздар — 16 пайызға көбейсе, ал қазақтар — 22 пайызға кеміген

медов бірауыздан Бүкілресейлік «Шура-и-ислам» комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалады. Жынының және бір маңызы – Ресейдегі мұсылман қауымы, оның ішінде түркі жұрты төуелсіз мемлекет құруға құқы бар деген идеяның көтерілуі. Бұл өрі Ресей империясы империя болғалы, отар жұрттың алғашқы саяси бас қосуындағы азаттық туралы жар салған тұңғыш үндеу болатын. Осы үндеуге және оның қарарларының жазылуына Әзербайжан Топшыбашов пен оның орынбасары болған Жағанша Досмұхамедов ерекше үлес қосты.

Бұл кез Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов,

1910 жылға дейін Император атындағы Мәскеу университетінің заң факультетінде оқыған Жағанша Досмұхамедұлы, құқықтық іліммен барынша қарулануды мақсат тұтады. Ол университеттегі заңгер-профессорлардың лекциясынан бөлек, Батыс Еуропа заңгерлерінің еңбектерін түгесіп, сол замандары Ресейде шығып тұрған заң газеттері мен журналдарын жата жастанып оқиды.

Жағанша Досмұхамедұлы АҚШ, Германия, Франция, Англия т.б. алпауыт мемлекеттердің заң жүйесін шебер меңгереді. Бұдан өзге Америка федералистері, республикашылары Пееин, Джефферсон, Франклин, Вашингтон, Гемитон т.б. белгілі

астанасының «Старовагонная» көшесіндегі бір үйдің жертелесінен табылған. Деметкен Досмұханқызының өзі бұл туралы: *«Осы мақаланы оқып, менің түйгенім, сол кезде бұл мақала тек қана қазақ оқыған зиялы қауымына емес, сонымен қатар бүкіл Ресей патша үкіметінің барлығына да өте қатты қорқыныш тудырған. Себебі қазақ халқында мемлекеттік құрылым болған. Қазақтың хандары болған. Олардың өзіне тек мемлекет басқару жүйесі болған. Олардың өз өмір-тіршіліктерін қатынастарын реттейтін арнайы заңдылықтары болғанын паш еткен бұл мақаланы олар сондықтан да газеттен алдырып, халық оқымасын, халыққа тара-*



ЖАҒАЛАУЫ ЖАЙЛАУ, ҚАЗЫНАЛЫ ҚОЙНАУ

Басын Мұғалжар тауынан алып, кезінде құм жоталарды жарып отыра Жайыққа кеп құйылған Ойыл өзені қазір Тайсойған құмдарына барып сіңіп, жоғалады. Ұзындығы сегіз жүз шақырымдай, су жиналатын алқабы отыз бір мың бес жүз шаршы шақырым. Ащы Ойыл, Қиыл, Қайынды, Ащықұмды, Шилі, Қандыағаш, Жарлы, Батпақты, Бабатай, Шағырлы-құмды, Ащыөзен, Қарасай, Қуырдақты, Қарағанды, Құмды, Кенжалы, Қаңбақтысай салалары ауданның көбе жондары мен құм белдерін өрнектей ежелгі Ойылға кеп қосылады. Осы өзен, көлдерде шортан, табан, мәнке, аққайран, қаракөз, алабұға, ақмарқа, көксерке, құты, қызылқанат, сазан, жайын ауланды. Ірі өзендерде ғана кездесетін екі, екі жарым метрлік жайындар Ойыл өзенінің Ақшатау жағындағы қарасуларда қазірге дейін өсіп, өңін келе жатыр.

Бірімен-бірі жалғасып Қандыкөл, Сапақкөл, Жалаңаш кел, Қожакөл, Қаракөл, Шонқайлы, Қарақуан көлі (Байтума деп те аталады) Жетікөлді құрайды. Сайын даланың көк жасыл белдеулеріндей болып Жекенді, Құттыкөл, Тамдыкөл жайқалады. Ежелгі Ойылдан, оның сан тарау салаларынан нәр алған Тамдыкөл, Қиыл, Жекенді, Саға-Қарағанды, Батпақты, Сөлім, Қауғалы көлдетіп суару жүйелері ойылдақтар еңбегінің жемісіндей — ырыс көзі болып отыр.

Ертеректе ақкетенің қоңыр атанған бір бөлігі табиғаты шұрайлы Жекенді, Жетікөл деген жерлерде отырады екен. «Қобыланды» жырында «Жекендінің Жетікөл, Қызғыштың Қызыл-көлінен бесінде өтті», — деп жыралатын осы Жекенді мен Жетікөл. Қоңырлардың шұрайлы жерлеріне байулының мықтылау аталары сырттай қызығып жүріпті. Сөйтіп, анауынау сылтау тауып, сол жерді қоңырлардан тартып алмақшы болады. «Байғұты қол жинапты, қолды Көктаубай деген батыры бастап келмешкі» деген хабар да жетеді. Қоңырдың екі батыры Сапақ пен Байғұты да Көктаубайларды қарсы алуға дайындалады. Елдің ер көңілді отыз-қырық жігіт атқа қонып, сойыл-шоқпарларын, қылыш-найзаларын алып, күтінеді.

Көктаубайлар келер жолда Қандыкөл деп аталатын нұ қамысты көл бар еді, Байғұты батыр: «Сендер екі жарылып, көлдің екі жағына жасырынып күтіңдер, мен Көктаубайды алдынан тосып, осы арадан өткіземін депті. Көктаубайдың алдынан шауып шығып «Батыр болсаң, жекпе-жекке шық» деп айғайлайды. Көктаубай да шабынып шығады. «Жеткен жерде шанышарсың» деп Байғұты екі атқа кезек мінпін қашады. Көктаубай «Көктаубайдың Көктүқыл жүйрігі саған бөрібір жетпей қоймас, Көктаубай сені шаыспай қоймас» деп, қызбалықпен Байғұттының сонынан нұ қамысқа қойып кетеді. Қамыс арасында то- сып тұрған Сапақ Байғұтыға жақындай берген Көктаубайды найзамен шаншып өлтіреді. Көктаубайдың денесін оның қасындағы қырық жігіт найзаға көтеріп алып кетеді де, атын, қару-жарағын Байғұттының ақылмен Көктаубайдың қоңырдың арасын қыстап отырған рулас екі-үш ағайынына бөліп береді.

Байұлы келесі жылы құн даулап келгенде «өлтірген мына өз ағайындарың, аты, мүлкі де соларда» деп кетелер құннан құтылып кетіпті. Көктаубай өлтірілген сол үлкен көл Сапақ көл деп аталады.

Бірісе жасыл белдеуі, бірісе желі құм суырған сары белдері сан алмасып жататын Ойыл даласы, мал өсірген қазақтың көңілінен шыққысы келгендігі өсімдік түрлеріне де бай. Сағымды сары белдерде шөптердің қаселеу, еркек шөп, жусан, бидайық, қарсақ, изен, ебелек, бетеге, саралжын, жекен сияқты жүздеген түрі өседі. Ауданның елді мекендерінің бірі жанағы саралжын шөбінің атауымен аталады. Сондай-ақ, бірімен-бірі жалғасып, ғажайып жасыл дүниедей жайқалған жеті бірдей келдің жағалауы толы шөптердің бірін «Қобыланды» жырынан табымыз. Батыр Қазан-ды алуға аттанарда қоштасу үшін өкесінің отауына жақындағанда Тоқтарбай мен Аналық:

«Көлге біткен жекен деп, Бұршіл жоқ, тікен деп, «Жалғызым келген екен», — деп, далаға жүгіре шығады (27.30). Осындағы «жекен» — «Жекенді ауылының ежелгі атауы.

Ата-бабаларымыз жусанды да ерекше бағалаған ғой. Төлдейтін малдар көктемде, яғни сөуір айының ортасынан бастапгүлдей бастайтын жусанды жеп өлденеді. Од кезде жусанның дәмі тұщы болады, күзге қарай ашиды. Қой басқақ ауруына ұшырағанда, сиыр көтерем болғанда мал баққан казак жаңағы малдарын жусандымен асыраған. Ал таршылықта жусанды отын ретінде де пайдаланған болса, қазір тықыр жусаннан рақ ауруын емдейтін дәрілер жасаладу. Әкінішке орай, сол құнарлы шөптердің саны да, сапасы да азайып барады. Ақтұңғыз, сүттіген сияқты шөптер сирек кездеседі. Айталық, жергілікті

тұрғындардың өзі мөн бере қоймайтын «Дерілі көлді» бүгінгі білімді ұрпақ ден қойып зерттер болса, өіміздің қолтығымыздың астынан-ақ дәрілік өсімдіктердің талайын тауып, фармокология ғылымына сүбелі үлес қоса алар еді. Ал қазір ол мал өрісі мен шабындық үшін таптырмас көл ғана болып отыр.

XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның батыс аймағы климатын да мұқият зерттеген П.И.Рычковтың «Орынбор топографиясы» атты еңбегінде құстардың 14, балықтардың да 14 түрі аталады (18.57). Осы түрлердің біразы қазір Ойылда да бар. Мұнда бұлан, сілеусін, қамыс мысығы, қарсақ, күзен, ақбөкен, қарақұйрық, кеміргіштер отрядынан алып көртышқан кездеседі. Ал безгелдек, дуадақ, жеқдуадақ, кіші аққутан, қызыл жемсау, қарашақаз, балықшы, тарғақ, ақбас тырна сияқты құстар азайып барады, қазір олардың бәрі республикалық «Қызыл кітапқа» енгізілген.

Безгелдек ертеректе (Стрепет, Otis tetrah L) Еуразияның батыс алқабын, Қазақстанның далалық және жартылай орманды жерлерін мекендеді. Қазір ол Орал және ішінара Ақтөбе облысында сақталды. Еліміздің басқа жерлерінде мүлдем сирек кездеседі.

Жеқдуадақты (Джек, Otis undulata Jacq) Қазақстанның шөлейтті, жартылай шөлейтті аймақтарынан кездестіруге болады.

Әдетте ұясын құм жиектеріне салады. Мамандардың айтуынша, оның атауындағы «жек» деген сөз «жиек» деген сөзден, яғни аталған дуадақтың құм жиегіне уя салуынан шыққан. Бауы және жер бауырлай көтеріледі. Ұшқыр атқа мінген аңшылардың соққысына оңай ілігеді. Сондықтан және басқа да себептермен саны тез азайып барады, Қазақстанның кейбір жерлерінде жоюлып та кетті.

Ақбас тырна (Журавль-красавка, Anthoroides virgo L) Отаны Африканың аптапты құмдары болып табылатын тырнарлардың Еуразия құрылығы мекендейтін бірден-бір өкілі. Тырнарлардың ішіндегі ең кішісі. Қазақстанда шағын өзендердің, тіпті бұлақтардың жандарына уя сала береді. Ұя саларда, басқа тұқымдастары сияқты, «өнге басып, бй билейді». Балапаны жұмыртқадан шыққан бойда ұясын тастап, ата-аналарына еріп кетеді (28).

Назар аударатын тағы бір қызықты дерек, жоғарыдағы еңбегінде П.И.Рычков Жем бойында қазір иісі де жоқ үйір-үйір құлан жортқанын, осы өңірден Атырауға дейінгі алқапта екі соңғысын 1918 жылы Молдавия аңшылары атып құртқан жабайы жылқы — тарпаңдардың тіршілік еткенін (18.57), ал Ж.Бейсенбаев Үстіртте қойдың арғы тегі - муфлон мекен-дегенін келтіреді. Нақ осы құландар мен тарпаңдардың, муфлондардың кезінде аталған алқаптармен іргелес, аралас жатқан Ойыл даласында да болып, кейін құрып кетуі өбден мүмкін.

Аңызы толғантаса, толғантатындай, жері құнарлы Ойыл топырағы шетел саяхатшыларының назарынан тыс қалмаған. Орыс ескері Бас штабының офицери Бұхара хандығындағы А.Ф.Негри дипломатиялық елшілігінің хатшысы Е.К.Майендорф 1826 жылы Парижде француз тілінде жарық көрген «Петербургтен Бұхараға сапар» атты атақты еңбегінде Мұғалжар тауының аңғарларындағы, Ор, Елек, Қобда, Ойыл өзендерінің жағалауларындлғы құнарлы жерлердің мал өсіруге де, егін салуға да өте қолайлы екендігін, Кіші Қаракөлді басып өтіп үлкен Қаракөлге келіп құятын Ойыл өзенінде балықтың көп өсетіндігін өлденеше рет тамсана жазады. Ұлы Отан соғысы басталған жылдарда тағдыр ауыртпалығымен сонау Украинадан ауып Барқын етегіне келіп орын тепкен, балалық шағы Ойыл бойында өткен, Ресей Әскери-ғарыш күштерінің қолбасшысы, Ресей үкіметі сыйлығының лауреаты, К.Э.Циолковский атындағы Ресей Ғарыш академиясының жне Әскери ғылымдар академиясының академигі, генерал-полковник В. Л. Иванов та 2006 жылы Мәскеуде жарияланған «Ресей Әскери-ғарыш Күштері қолбасшысының күнделікті өмірі» атты мемуарында әжесімен екеуі Ойылдың балығын аулап қалай күн көргенін емірене еске алады (29.29). Бір кездері жалпағынан жайылып, Жайыққа құйған жарықтық талай тағдырдың барар жер, басар тауы болмаса — еншісі, басына күн туып, түйыққа тірелсе — емшісі болғанға ұқсайды.

Орал облысында мұнай көзін іздеу Ойыл, Сағыз және Жем өзендері бойларында он тоғызыншы ғасырдың елуінші жылдарында жүргізіле бастады. Геологтар 1892 жылы осы өңірдегі мұнай көздері мен олардың жинақталу жағдайын, сол кездің өлшемімен, түпкілікті белгіледі. Мұнайдың көл қоры Қара-шұңғыл тұзды қол шұңқырында екендігі айқындалды (21.69). Алайда, «Қара алтынның» қасиеті ойыл- дықтарға бұдан бұрын да белгілі болған. Өйткені, Бүйрек құмының оңтүстігіне қа-

рай, оның қақ ортасындағы, Ойылдың төменгі жағындағы мұнай көздерінің бірі ауыл молдасы Мөтен есімімен аталады. Олон тоғызыншы ғасырдың, бірінші жартысында, яғни Қара-шұңғылдағы мұнай қоры анықталғаннан бұрын өмір сүрген, жерлестеріне мұнайды емдік бағытта пайдалануды үйреткен адам (21.317).

Аталған өңірдің жер асты байлығына қызығушылық тіпті де баяуламаған. Самара-Орал Жерді және мемлекеттік мүліктерді басқару басқармасы 1913 жылы А.И.Матов дегенге Қазбек болысының Тамды көлінде 975 десятина, 1914 жылы К.И.Кобелев дегенге Құмды-Ойыл болысының Қызылжары мен Таскемерінде 1 837,5 десятина және Я.В.Вишу дегенге Қаракөл болысының жанағы Мөтен-қожа ойпаңында 2400 десятина жерді барлауға лицензия берген (30.118). Аталған кен орындары «Ембі» мұнай өнеркәсібі мен сауда қоғамын да қамтыған, 1879 жылы құрылып, Қазан төңкерісіне дейінгі Ресейде аса қуатты мұнай монополисіне айналған ағайынды Нобельдердің Мұнай өндіру серіктестігі иегерен. Олай дейтініміз, Сафин (*Сапы болуы да мүмкін — С.Б.*) Құбжанұлы Дәулетбаев деген азамат мұрағат құжаттарында сақтаулы өмірбаянында 1914 жылы ағайынды Нобельдердің «Ембі» мұнай өнеркәсібі мен сауда қоғамына қарасты Мөтенқожа мұнай өндіру кәсіпшілігінде мұнай бұрғылаушы болғанын жазады (31.69).

Жоғарыдағы құжаттарда айтылғандай, Ойыл бекінісінен шығысқа және Барқын құм жоталарынан солтүстікке қарай ескі бархандардың арасынан қатты плиталық күн өндірілді. Бекіністің солтүстік-шығыс- сына қарай 10 верста жерде Құстақара алқабында гипс бар екендігі айқындалды.

Императорлық Орыс География қоғамының Орынбор бөлімі мүшелерінің 1899 жылғы 8 маусым күнгі жиналысында жасаған баяндамасында осы қоғамның мүшесі К.Чехович 1897 және 1898 жылдарда Оралда, Пермьде, Троицкіде, Уфада, Ірбітте және Ойылда жүргізілген метеорологиялық бақылаулардың нәтижелерін талдау жасады. Соңғысының, яғни Ойылдың климаты жағынан елеулі ерекшеліктері бар Орта Азия жазықтарында орналасқандығына және ондағы доктор Лавров басқарып барған экспедицияның жұмысына жоғары баға бере келіп К.Чехович: «Доктор Лавров соңғы жеті жылдағы ауа райы өзгерістерінің толық кестесін келтірген, — дейді.

— Мысалы, 1897 жылы Ойылда ыстық +36,1, аяз —35,5 градустан аспаған. Ылғалдың түсуі шамадан айтарлықтай ауытқып, яғни 15 пайыз бен 100 пайыз аралығында өзгеріп отырған. Жазық даласы ба- сым осы өңірде ылғалдың түсуі кей жылдары тіпті Еуропада да болмаған жоғары деңгейіге жеткен» (32.10-11).

Ресей өкімшілігі жанадан ашылған Орал және Торғай облыстарын кешенді зерттеуге қаржы аямаған. Өрине, оның астарында империялық мүдденің жатқаны аян. Орынбор әскери-топографиялық бөлімінің 1870 жылы іс-имылы туралы есебінде подполковник А.А.Тило экспедицияға шығар алдында «ұлы мәртебелі» губернатордың астрономиялық бақылау жүргізуге қаражатты үйіп-төгіп бергені көтеріңкі сөзіммен баяндай келе, біріншіден, Ойыл, Қиыл өзендері бойларына, Мұғалжар сілемдеріне бұрын-соңды бірде-бір географ-астрономның аяқ баспағанын, екіншіден, 1869 жылы салынған Ойыл бекінісі мен Жем бекетін картаға дәл түсіру үшін деректер ауадай қажет екендігін мәлімдейді. «Бойлықтары хронометр арқылы анықталатын бұл бекеттерді бақылап отыру үшін олардың шекті бойлықтары дәл білудің маңызы ерекше, өйткені Орынбор мен Ырғыздың бойлық бойынша арақашықтығы белгілі, осы аралықтағы жүріс отыз төрт күнге созылды және мұндай аралықта хронометр бақылауының біркелкілігіне сенуге болмайды» дейді А.А.Тило (21.270). Топограф Полонскийдің «Ойыл бекінісі маңының жоспары» атты 1872 жылғы картасы осындай деректер алу мақсатында сызылған сияқты. Түрлі-түсті бояумен түсірілген картада бекініс маңындағы сайлар, көлдер мен биіктіктер, жолдар, өсіресе Орал қаласына, Калмыков көңтіне баратын жолдар, аттары жазылып айқын көрсетілген (33).

Қалай болғанда да, мал баққан қазаққа ауа-райын алдын-ала болжап отырудың қаншалықты маңызды екені кім-кімге болсын белгілі. Сондықтан, тіршілік суранысына орай, ақкетенің Өнетінен тарайтын Тауқара деген есепшінің есімі ел аузында сақталған. Арнайы оқуы болмаса да, ол Алла тағаланың берген сыйымен қардың қашан жауып, қашан кететінін, күннің қашан жылынып, қашан суитынын дәл айтады екен. Жергілікті халық көші-қон тіршілігін сол Тауқаранын болжамына орай шешіп отыратын болыпты.

Жазушы С. Бактыгерейұлының «Ойыл» кітабынан алынды

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ – ҚАЗАҚЫ ҚАСИЕТ

Қонақжайлылық қазақтардың ежелгі қасиеті. Бұл жөнінде XIX ғасырдың аяқ кезінде Ресей зерттеушісі Виктор фон ГERN былай деп жазған болатын: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлылық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет».

Үйге келген қонақ оларда ерқашан үй иесінің қамқорлығы мен қорғауында болады. XIX ғасырда Қазақстанда болып, оны зерттеген неміс зерттеушілерінің бірі Ф. фон Хелльвальд та былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай, мейірімді болып келеді. Олардың киіз үйіне кіріп жайғасқан кез-келген жаткерлік адамның өзімді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйқытай беруіне өбден болады».

Қазақтың дархандық, жомарттық қасиеті бұрынғы көшпелі ата-бабаларынан үзілмей келе жатқан дәстүр. Ислам діні келген соң осы дәстүрлерді одан өрі бекітіп, оларға мұсылмандық

реңк берді. Ардақты аяттар мен Пайғамбар (с.а.с.) өсиеттері, сахабалардың сөздері ілкіде қалыптасқан ізгілік ұстанымдарын одан өрі нақты-лап, олардың басты мақсаты Жаратқанның жарылқауына жету екендігін түсіндіріп, қайта жаңғыртты. Кейіннен қазақтар сақилық қасиет сөз болғанда Атымтай Жомартты мысалға келтіретін болды. Ал Атымтай персонажының түп негізі араб дәстүрінде мәшһүр болған Хатим ат-Таи, яғни Таи тайпасынан шыққан Хатим деген кісі. Арабтар оны жомарттықта мысалға келтіретін. Мұсылманшылықпен бірге келген бұл мысалды қазақтар жатсынбай, өзінiкiндей етiп өңiн келтiрдi. Хатим ат-Таиға тiлi келмегендiктен Атымтай деп қазақыландырып алды. Уақыт өте келе ол адамның араб екендiгi ұмытылып, қазақы мысалға айналды.

Кең сахараны жайлаған қазақ халқында қонақ кәдесiнiң орны ерекше. Әр үйде қонаққа арналған сый-сияпат алдын-ала дайын тұратын. Бұл үрдiс қазiрге дейiн сақталған. Қонақтың сыбағасы ерқашан дайын тұрады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҒАН 13 АДАМҒА СЫАҚЫ БЕРІЛГЕН

Ақтөбе облысында соңғы екі жылда сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған 13 адамға жалпы сомасы 2.2 млн. теңгені құрайтын сыйақы тағайындалған, деп хабарлайды Ақтөбе облысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті.

Азаматтар көбінесе ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы үекілетті органға жүгірген.

Естеріңізге сала кетсек, 2015 жылдың 30 желтоқсанында «Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы күшіне енген болатын. Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны 1000 АЕК (2 917 000 теңге) аспайтын немесе залалы жоқ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы бұрынғыдай, 30-дан 100 АЕК (87 510 теңгедег 291 000 теңгеег дейін) дейін белгіленеді.

Мәселен, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы өкімшілік істер бойынша 30 АЕК, онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша 40 АЕК, ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша 50 АЕК, ауыр қылмыстық істер бойынша 70 АЕК және аса ауыр қылмыстар бойынша 100 АЕК мөлшеріндегі сыйақы қарастырылған.

Жаңа өзгерістерге сәйкес, пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны 1000 АЕК асатын болса сыйақы аталған соманың 10% құрайды, бірақ 4000 АЕК-тен (11 668 000 теңгеден) аспайды.

Біржолғы ақшалай сыйақы берілуі үшін азамат берген ақпарат шындыққа сәйкес келуі тиіс. Бұдан басқа, соттың өкімшілік жаза қолдану туралы қаулысы, қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі заңды күшіне енугі немесе қылмыстық істің ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылуы тиіс.

Өз кезегінде, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет азаматтарды барынша қырағы болуға, кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне тәзбеушілік танытып, «1424» нөмірі бойынша тәулік бойы жұмыс жасайтын республикалық кол-орталыққа жүгінуге шақырады.

Сонымен қатар, азаматтар аталған нөмір бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсан заңнамаға қатысты кез келген кеңесті ала алады.

ЕСКЕ АЛУ



Дүймұқанов Берік

(01.06.1969ж-10.2020ж)



Базарова Толқын

(08.04.1969ж-09.2012ж)



Жакенова Сара



Жакенова Сара



Ысымғалиев Жоламан

(05.09.1969ж-09.04.1993ж)



Ақетенова Бибігүл

(23.02.1969ж-05.11.2019ж)

Мейман күту қазақтың заңына айналған. Егер қонаққа лайықты құрмет көрсетілмесе, халық биі үй иесіне айып салатын.

Қазақтар қонақты арнайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылқыма қонақ деп төртке бөлген. Солардың ішінде құдайы қонақ үй иесі танымайтын бейтаныс жан, жолаушы. Отағасы оны бұрын-соңды көрмеген адамын «Құдайы қонақпын» десе болды, жылы шыраймен қарсы алып отырған. Халық қақылында қонақтың құрметін білдіретін «қырықтың бірі – қыдыр», «қонақтың өз ырыс-несібесі, құт-берекесі бар» деген сияқты ұғымдар қалыптасқан. Мейман бейтаныс болса да, үйдің төріне шығарылып қонақ хағы беріліп, құрмет көрсетіледі.

Қазақта қонақ болудың қатып қалған мерзімі болмайтын. Арнайы қонақтар апталап, айлап мейман болатын. Ал «кү күнге дейін қонақ» дейтін қағида көбіне құдайы қонаққа қатысты айтылатын. Оған дейін келген кісінің мақсаты сұралмайтын.

«Дін мен дәстүр» кітабынан

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЗА СООБЩЕНИЕ О КОРРУПЦИИ ПОООЩРИЛИ 13 ЧЕЛОВЕК

В Актюбинской области за последние два года поощрено 13 лиц, сообщивших о факте коррупции на общую сумму 2,2 млн. тенге, отмечают в Департаменте по противодействию коррупции по Актюбинской области.

Неравнодушные граждане в основном обращались по тяжким коррупционным преступлениям.

Напомним, с 30 декабря 2015 года действует Постановление Правительства Республики Казахстан «Об утверждении Правил поощрения лиц, сообщивших о факте коррупционного правонарушения или иным образом оказывающих содействие в противодействии коррупции».

По коррупционным преступлениям, где сумма взятки или причиненного ущерба либо стоимость представленных льгот или оказанных услуг не превышает 1 000 МРП (*это 2 917 000 тенге*) – сумма вознаграждения остается прежней и составляет от 30 до 100 МРП (*от 87 510 до 291 000 тенге*) в зависимости от тяжести преступления.

К примеру, по административным делам о коррупционных правонарушениях предусмотрено вознаграждение равное 30 МРП, по уголовным делам о коррупционных преступлениях небольшой тяжести 40 МРП, средней тяжести 50 МРП, по тяжким 70 МРП и особо тяжким 100 МРП.

По новым изменениям, если сумма взятки или причиненного ущерба либо стоимость представленных льгот или оказанных услуг превышает 1 000 МРП – сумма вознаграждения составит 10 % от указанной суммы, но не более 4 000 МРП (*11 668 000 тенге*).

Чтобы получить единовременное денежное вознаграждение информация, предоставляемая лицом, должна соответствовать действительности. Кроме того, должно вступить в законную силу постановление суда о наложении административного взыскания либо обвинительный приговор по уголовному делу или прекращение уголовного дела по реабилитирующим основаниям.

В свою очередь, Антикоррупционная служба призывает граждан проявлять бдительность и нетерпимость к любым проявлениям коррупции и обращаться в круглосуточный республиканский колл-центр по номеру «1424».

Кроме того, по данному номеру вы можете получить любую консультацию, касающуюся антикоррупционного законодательства.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ Ауданымыздың негізгі өндіріс көзі

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫ БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН НЕГІЗГІ ӨНДІРІС КӨЗІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ САЛА ШАРУАШЫЛЫҚ САЛАЛАРЫНЫҢ ІШІНДЕ ЕЖЕЛДЕН ЕСКІРМЕЙ КЕЛЕ ЖАТҚАН АТАП-КӘСІПТІҢ АЙШЫҚТЫ КӨРІНСІ.

ОСЫ ОРАЙДА «ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ» ДЕМЕКШІ ЖАҚЫНДА ҒАНА АУДАННЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНЫҢ ТІЗГІНІН ҰСТАҒАН АЙБАТ ЕРБАЗІЕВПЕН АРНАЙЫ ТІЛДЕСКЕН ЕДІК. ЕНДЕШЕ АТАЛҒАН САЛАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ ҚАНДАЙ? ОСЫНДАЙ САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРГЕН САЛА БАСШЫСЫМЕН БОЛҒАН СҰХБАТТЫ НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА ҰСЫНАМЫЗ.



- Үстіміздегі жылы мал басының өсімі қандай? Әңгімеңізді алдымен сол жағында өрбітсеңіз.

- Жалпы аудан бойынша 53649 бас мүйізді ірі қара бар. Ал, қой, ешкі 201083 басты құрайды. Бір қуанарлығы қамбар ата төлінде өсім байқалады. Жылқының саны 19726 бас. Қазір жылқы өсіру үшін мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несиелер алуға ниет білдіріп отырғандар саны көбейде. Алайда түйе шаруашылығы кенже қалып отыр. Түйенің жалпы саны 88 бас. Қорытынды мал санағы маусым айында шығады. Мал басының өсімі мол деп есептейміз.

- Қазіргі таңда жан-жағмызға шолып қарасақ, шаруа қожалықтар төрт түліктің қай түрін болмасын еттімі немесе сүттімі бағытта бағып отыр. Осы орайда мал басын асылдандыру жұмыстары бойынша тоқталып өтсеңіз.

- Ағымдағы жылға мүйізді ірі қараның аналық басын асылдандыру бағытында ауданда 172 шаруашылық субъектілері тұқымдық түрлендіруге қатысады. Аудандағы шаруашылық иелері мүйізді ірі қара малының «Ақбас», «Әулікөл», «Ангус» тұқымдарының аталық бұқалары мен аналықтарын сатып және арендаға алып шаруашылықтар тұқымдық түрлендіру бойынша жұмыстанып жатыр. Биылғы жылға мүйізді ірі қараның аналық басының тұқымдық түрлендіруге 31,5 пайызы қатынасады деп көзделіп отыр. Қойдың аналық басының тұқымдық түрлендіруге 51 шаруа-

шылық айналысып отыр. Қазіргі таңда ауданда асыл тұқымды қой отарларында «Еділбай» «Қазақы қылшық жүнді» асыл тұқымды қойлары өсірілуде. Ауданда «Нұр-Асыл», «Рахым», «Аққұбай», «Жапақ» «Дана-гүл» шаруа қожалықтары шаруашылықтарында асыл тұқымды қой отарларын өсіруде. Тіпті жаңадан шаруашылық ашып, көсіпке енді қадам басқан шаруалардың өзі етті, сүтті бағыттағы мал басын көбейтуге ниетті. Өйткені нарықтағы ет, сүт өнімдерінің сұранысы жоғары.

- Қазіргі таңда елімізде ауыл шаруашылығы саласына мемлекет тарапынан қолдау көп. Осы бағытта биылғы субсидия түрлері қандай болмақ?

- Субсидия түрлері табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу үшін беріледі. Бұл жұмыстар бойынша ауданда көптеген шаруа қожалықтар мемлекеттен тегін субсидия алып жатқаны көпке мәлім. Қазіргі таңда субсидия тауарлы аналық басы үшін, мүйізді ірі қара асыл тұқымды мал бастарын сатып алғаны үшін, тауарлық отардың өсімін молайту үшін пайдаланылатын асыл тұқымды тұқымдық қосқарларды күтіп-бағу үшін, тауарлы аналық қой басына, асыл тұқымды аналық қой басына, ірі қара малдың және қойлардың импортталған асыл тұқымды аналық басын немесе шығу тегі асыл тұқымдыға сәйкес келетін ірі қара малдың импортталған аналық басын сатып алу үшін беріледі. Сондай-ақ айта кетсек, ауыл шаруашылығы



ВАКЦИНА АЛҒАН АДАМ КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫН ЖЕҢІЛ ӨТКЕРЕДІ

Бұл туралы М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті эпидемиология кафедрасының меңгерушісі Салтанат Оразбаева айтты, - деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Ақтөбелік эпидемиолог, инфекционист пен дәрігерлер елдегі үш түрлі вакцинаның тиімділігін тұрғындарға түсіндірді. Мәселен Ресей ғалымдары ойлап тапқан «Спутник V» вакцинасы - аденовирус негізінде жасалған. Сөйтіп аденовирусқа коронавирустың ақызы енгізіліп, вакцина алынды. Қазіргі кезде «Спутник V» вакцинасы Қарағанды фармацевтикалық кешенінде шығарылады. «QazVac» және «Hayat Vax» вакциналары - инактивацияланған вакцина, яғни, коронавирустың жойылған вирусы қолданылған. «Спутник V» вакцина-

сының тиімділігі 92%, «QazVac» 96%, «Hayat Vax» екпесінің тиімділігі 79%. «Кез келген адам вакцина салдырмас бұрын дәрігерге қаралады. Әдеттегідей дене қызуы өлшеніп, сұраққа жауап береді. Дәрігер тексергеннен кейін ғана вакцина қабылдауға болады немесе қарсы көрсеткіші бар екенін айтады. Аллергия, қант диабеті, қан қысымының көтерілуіне қарсы көрсеткіш жоқ. Бұл дертке шалдыққандар да вакцина салдырса болады. Біз вакцина арқылы ұжымдық иммунитетті қалыптастырып, қалыпты өмірге бір табан жақындай түсеміз. Сөзімізге қазіргі Израилдегі жағдай дәлел. Ол елде 2020 жылдың желтоқсан айында вакцинациялау басталды. Ал биыл сәуірде маска тағу секілді бірқатар шектеуді алып тастады», - деді М.Оспанов атындағы Батыс

Қазақстан медицина университеті эпидемиология кафедрасының меңгерушісі Салтанат Оразбаева.

Вакцинаның бірінші дозасын салдырғанда адам ағзасында иммунитет қалыптасады. Екінші доза адам ағзасындағы антиденелердің мөлшерін көбейтіп, бірінші дозаның әсерін күшейтеді «Вакцина салдырған адам коронавирус инфекциясын жеңіл өткереді. Ауыр және орташа ауырлықта өтуден қорғайды. Қазір бізде дерттің ауыр түріне шалдыққандар көп. Сонымен бірге вакцина алдында өр адам қол қояды. Егер құжатқа қол қойылмаса, вакцина жасалмайды. Бұл мәжбүрлеу туралы көп сұрақтың жауабы», - деді Салтанат Оразбаева.

Алтынай САҒЫНДЫҚОВА.
kazinform

© «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2021 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © ДИЗ.САМЕТОВ Ж.

КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНА ҚАРСЫ ВАКЦИНАНЫ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Вакцинация тұрғылықты жері бойынша емханада жүргізіледі. Жеке куәлігіңізді ұмытпаңыз.

Екпе салардың алдында анкета толтырасыз,

вакцинаны ерікті түрде алып жатқаныңызды, барлық ақпаратпен таныс екеніңізді растайтын келісім қағазына қол қоюыңыз керек, содан соң сізге жадынама беріледі.

Одан кейін сізді дәрігер қарап тексереді – дене қызуын, қан қысымын, сатурация және т.б. өлшеуі тиіс.

Вакцинациядан кейін 30 минут дәрігердің бақылауында боласыз, содан кейін 3 күн уәселік дәрігер қарайды.

Сізге вакцинациядан кейін өзіңізді нашар сезінген жағдайда қайда бару керек екені туралы ақпарат көрсетілген парақ берілуі тиіс.

Вакцинаның екінші дозасын бірінші вакцинациядан кейін 21 күн өткен соң аласыз. Вакцинациялауға бір күн қалғанда телефоныңызға етек уақыты көрсетілген СМС-хабарлама келеді.

© «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ» 2021 ЖЫЛ WWW.INFORM.KZ МЕЖДУНАРОДНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ АГЕНТСТВО «КАЗИНФОРМ» 2021 ГОД © ДИЗ.САМЕТОВ Ж.

ҰЛТТЫҚ САНАҚ: ДАЙЫНДЫҚ БАСТАЛДЫ!

1-30 маусым аралығында интервьюлер (тіркеушілер) әрбір елді мекен бойынша тұрғын жайлар, тұрғын үйлер (тұрғын жай ғимараттары) және тұрғын үй ретінде пайдаланылатын тұрғын емес орындардың барлығын аралап, олардың тізімін және тұрақты тұратын тұрғындардың санын нақтылайтын болады. Мұндай тізімдер қалалық және ауылдық елді мекендердің аумақтарын нұсқаушылық және есеп учаскелеріне дұрыс бөлу және тұрғын санын екінші кезең санағына, яғни аудандастыру үшін санақ қызметкеріне жүктеме көлеміне сәйкес біркелкі бөлу үшін қажет. Сондай-ақ, бұл санақ кезінде тұрғындар есебін толықтай қамтуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта уақытша санақ қызметкерлерін тарту және оқыту жөніндегі жұмыстар аяқталуда, мұнда 1-кезең интервьюерлері мен 1-кезең нұсқаушы-интервьюерлері тартылатын болады. 1-кезең үшін барлығы 5405 интервьюер және 773 нұсқаушы-бақылаушы алынады. Нысандарды аралау кезінде интервьюерлер өздерін таныстырып, тегін айтулары және санақ интервьюерінің куәлігін көрсетуі керек; өзінің келуінің мақсатын нақты және қысқаша түсіндіріп, сол үй-жайда тұрақты (өдетте) тұратын-дардың мекен-жайларын және санын сұрауы қажет. 2021 жылдың ұлттық санағының негізгі кезеңі 1 қыркүйектен 30 қазанға дейінгі аралықта өтеді. Оған онлайн режимінде де, сондай-ақ дәстүрлі тәсілмен де қатысуға болады.

inform.kz

ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА!

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы 293-НҚ бұйрығымен тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін (бұдан өрі - ТҚЕАЖБ) қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидалары бекітіліп қушына енді.

ТҚЕАЖБ – тұтынушылардың өтініштерін қабылдау және қарау процесін автоматтандыруға, оларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейлерінде жүйелеуге және есепке алуға арналған ақпараттық жүйе.

ТҚЕАЖБ арқылы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейлерінде тұтынушылардың өтініштерін қарау қамтамасыз етіледі.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушылар (дайындаушылар, орындаушылар), ойындардың бастамашылары (ұйымдастырушылар);

Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар), заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын және заң көмегін көрсететін заң консультанттары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар (тұтынушылардың заңды мүдделерінің өкілдері);

Тұтынушылық дауларды сотқа дейін реттеу субъектілері;

Үкілетті орган, мемлекеттік органдар.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде өтініштер ТҚЕАЖБ арқылы қаралады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа ұсынылатын өтініштер ТҚЕАЖБ арқылы жіберілуге жатпайды.

Сервистің іске қосылғанын еске саламыз e-tutynushy.kz - ТҚЖБ

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ!

С 1 января 2021 года вступили в действие Правила формирования, ведения и использования Единой информационной системы защиты прав потребителей (далее - ЕИСЗПП), утвержденные Приказом Министра торговли и интеграции РК от 15 декабря 2020 года №293-НҚ.

ЕИСЗПП – информационная система, предназначенная для автоматизации процесса приема и рассмотрения обращений потребителей, их систематизации и учета на всех уровнях системы защиты прав потребителей.

Посредством ЕИСЗПП обеспечивается рассмотрение обращений потребителей на всех уровнях системы защиты прав потребителей:

- Продавцами (изготовителями, исполнителями) товаров (работ, услуг), инициаторами (организаторами) игр;

- Общественными объединениями потребителей, ассоциациями (союзами), юридическими организациями, являющимися членами палаты юридических консультантов и оказывающими юридическую помощь, и иными лицами в соответствии с законодательством РК (представители законных интересов потребителей);

- Субъектами досудебного урегулирования потребительских споров;

- Уполномоченным органом, государственным органами.

- Обращения потребителей по защите прав рассматриваются через ЕИСЗПП.

- Обращения в суд по вопросам защиты прав потребителей не подлежат направлению через ЕИСЗПП.

- Напоминаем, что запущен сервис e-tutynushy.kz – ЕИСЗПП

1 маусым - Халықаралық балапарқы қорғау күні

АРМАНЫМ - САХНА ЖҰЛДЫЗЫ БОЛУ...

Ойыл аудандық балалар кітапханасы – аудан орталығындағы балалардың рухани дамуына өзіндік үлес қосатын бірден-бір мәдени орталық. Кітапханаға келетін әрбір баланы зерттеу арқылы, оның неге бейімділігі мен қызығушылығы бар екенін байқап, соны дамытуға күш саламыз. Сондай дарынды жас оқырманның бірі - Болатқызы Айым. Айыммен танысуым да қызық болды. Анасы Ажармен сөйлесу барысында, қызы Айымның өртүрлі фотоларын қарап отырып, баланың көзінде бір ұшқын бар екенін байқадым. Сосын Ажараға ұсыныс айттым, Айымның анасы бірден келісім берді. Соның арқасында «Айым Шоқанның ертегілері» атты жаңа рубрикамыз дүниеге келіп, қазіргі күні онлайн түрінде жас көрермендерге тұрақты түрде ұсынылып келеді. Азғантай уақыттың ішінде «Бауырсақ», «Қасқыр мен қоян», «Қоянның екі түрлі киімі», «Мақта қыз», «Қызыл төлпек», «Қарлығаш пен дәуіт», «Ақылды балапан» атты ертегілерді жас бүлдіршімдер қызыға тамашалауда. Айым - Құрман орта мектебінің даярлық сыныбын аяқтап, алдағы оқу жылы мектеп қабырғасын аттайды. Қазірдің өзінде есте сақтау қабілетімен бірге жеткізу шеберлігіне төселіп қалған Айымның болашағынан зор үміт күтеміз. Ал, Айымның арманы болашақта сахна жұлдызы болу екен. Кішкентай жұлдыздың жарқырауы үшін жанын салып еңбектеніп жүрген анасы Ажар, атасы Алтай мен әжесі Гүлнардың да жиен қыздарының үмітін үкілеп, бар жағдайын жасап қамқор көңілдерін білдірі, жас бүлдіршінің қанатын кенге жаюуына мүмкіндік берері сөзсіз. Біз де балалар мерекесі қарсаңында Айымға жолың ашық болсын, кішкентай жұлдыз деген ақ тілегімізді білдіруді жөн көрдік.



Г.ҚАПИЕВА,
Балалар кітапханасының
аға кітапханашысы.

«БОЛАШАҚ ЭНЕРГЕТИКАСЫ»

Болашақ энергиясы - бұл қазіргі заманғы келесі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін терең тақырыптардың бірі.

Энергия - бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көзі. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі олардың өлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының нақты жағдайларын тікелей түрде анықтайды. «Болашақ энергиясы» жобасының түпкі ойы тұрақты қуат көздерін басқаруды қамтамасыз ететін шешімдер мен едістерге қоғамдастық назарын аудару. Бұл едісте ауа-райы өзгеруімен және көмірқышқыл газының шығарылуымен күресуге, балама қуат көздерін пайдалануға, ынталандыруға бағытталған, оның ішінде қалпына келтіретін қуат көздерін пайдалану; энергиямен қамту сенімділігін қамта-

масыз ету, энергияны өндіру, сақтау және пайдалануды басқару және тұрақты қуат көздеріне жалпы қол жетімділікті қамтамасыз ету. Астанада «Болашақ энергиясы» ұранымен өтетін ЭКСПО-2017 көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды, оның тақырыбы жан-жақты терең қызығушылық танытатын, қоғамдастықтардың тіршілігін анықтайтын және осы қоғамдастықтардағы адамның күнделікті тұрмыс - ахуалын айқындайтын фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін энергия болып табылады. Міне, бізді осы «ЭКСПО-2017» көрмесі арқылы барлық мемлекет кең көлемде тани түсті. Сондықтан да осы энергия көзі «Болашақ энергетика» көзі болып табылады.

Жаңылсын ЖАЙЖАНОВА,
Ш.Берсиев атындағы
Ойыл қаз орта мектебінің
9 сынып оқушысы.

БОЛАШАҒЫҢДЫ ҚАЗҰУ-МЕН БІРГЕ БАСТА!

Қазіргі таңда бәсекелестік өміріміздің ажырамас бөлігі болып кетті. Бәсекелестік бар жерде даму да бар. Әр бітіруші түлектің мақсаты бәсекеге қабілетті, білікті маман атану, сол себепті ЖОО таңдау өте маңызды шешім. Менің де арман-мақсатым осы болатын. 4 жыл бұрын мененен» Кім боласың?» - деп сұрағанда, мен ойланбастан білікті қаржыгер деп айттым. Сол күннен бастап мақсатыма жету үшін қолымнан келгенін барлығын жасап, өлеміздігіме нөмері бірінші деген университетке оқуға түстім. ҚазҰУ-ға түсу менің болашағымды айқындаған шешім болды.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – өзіндік салт-дәстүріне бай, білім саласындағы және ғылыми жұмыстарда тәжірибесі мол көпжылдық бірден-бір жоғары оқу орны. Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – Қазақстан Республикасындағы жоғары оқу орындар жүйесінің көшбасшысы болып табылады. Университет жоғары білікті мамандарды даярлау, өлемдік білім кеңестігіне де интеграциялауға, өндіріске енгізілетін фундаменталды және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталатын кең көлемдік білім, ғылыми, рухани-тәрбиелік, инновациялық және өндірісу негізге ие. Университет құрамында 16 факультет, 67 кафедра, 32 ғылыми-зерттеу институты мен орталықтар, технопарк қызмет атқарады. Мен білім алатын факультет Экономика және Бизнес Жоғары мектебі, «Қаржы» кафедрасы. Кафедра 2001 жылғы сәуірде жоғары білімді халықаралық үрдіске сай мамандарды дайындау мақсатында құрылды. Кафедра мақсаты: білім, ғылым, инновациялық өндірістің тиімді интеграциясы негізінде Қазақстанның стратегиялық даму және заманауи интеллектуалдық талаптарға сай қаржы мамандарын дайындау.

ҚазҰУ-мен бірге бәсекеге қабілетті, білікті маман атан!

М. Аралбай,

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

«Экономика және Бизнес Жоғары мектебі»,

«Қаржы» мамандығының 4 курс студенті.

К.Құрманова,

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,

«Экономика және Бизнес Жоғары мектебі»,

«Қаржы және Есеп» кафедрасының аға оқытушысы.

СУДА ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ – СӘТТІ ДЕМАЛЫС КЕПІЛІ

Елімізде суға түсу маусымы 1 маусымнан ашылатынына қарамастан 2021 жылдың 30 мамыры күні Ақтөбе қаласында 1 ересек адам суға суға кетіп қалды. Жалпы облысымыз бойынша су айдындарында 7 адам қаза болды. Оның ішінде 3 бала.

Суға кетудің басты себептерінің бірі алкогольді ішімдіктерді ішкен күйде суға түсу, суға жүзу ережелерін білмеу және тым салынған жерлерге суға түсу. Осындай жағдайлар болдырмау үшін келе жатқан жазғы демалыс уақытында жағажайлар мен өзен-көлдерде шомылу кезінде немқұрайлық танытпай, суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтау керектігін естеріңізге салғымыз келеді.

2021 жылғы 21 мамырдағы аудан әкімінің №57 «Ойыл ауданында суға түсу орындарын ұйымдастыру туралы» қаулысы сәйкес 5 коммуналдық жағажайдың орындары белгіленді. Атап айтқанда, Ойыл а/о – Ойыл өзенінің «Қасық» жері, Ш.Берсиев а. а/о – Ойыл өзеніндегі Таскөкөл шлюзінің маңы, Саралжын а/о – Қыыл өзенінің Ақкөмер ауылының маңы, Қайыңды а/о – Қайыңды өзенінің Көпір маңы, Көптегі а/о – Ойыл өзенінің «Қыройыл» жері.

Әрбір ата-ана балалардың бос уақытындағы іс-әрекеттерін көп көңіл бөлгендері абзал. Табиғат аясында, өзендерде суға шомылғанда абай болғандарыңыз жөн. Балалардың ересектерсіз суға түсуге, ересек жастағы адамдардың алкогольдік

ішімдік ішкен күйде суға шомылуына тыйым салынады. Жүзу білмесеніз немесе өзіңізге белгісіз (ағысы қатты, терең, жар-қабақтар) жерлерге шомылмау керек. Ойыл өзені бойында тыйым салынған аймақтарда шомылуға жол бермеңіздер. Тыйым салынған аймақтарда шомылған суға түсушілерге ҚР ӨҚБТК-нің 364 бабы бойынша өкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Бүгінгі күнге дейін Ойыл селосында 1 тұрғын аталған бап бойынша өкімшілік жауапкершілік тартылды.

Салқын суларда көбіне қол-аяқтар құрысып қалып жатады. Терең сулар кеудені қысып, тыныс алуды тарылтады. Мүмкіндігінше, саспаған (үрейленбеген) дұрыс. Адам су ішінде айқайлап, тырмыс берсе, өлі кетіп, су жұтады.

Суға шомылу кезінде төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне хабарласуларыңызды сұраймыз. 103 нөмірі арқылы медициналық жедел жәрдем шақырту қажет. Медициналық жедел жәрдем келгенге дейін зардап шеккенге алғашқы көмек көрсете білу керек.

Есіңізде болсын! Өздеріңіз суға түсу ережесін біліңіз және өз балаларыңызды және жақындарыңызды үйретіңіздер!

А.ТАРЫБАЙ,
Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері.